

концептуальная система, в которой сочетаются интеллектуальная строгость и метафизическая глубина, аналитизм и символизм.

Сегодня всё чаще поднимается вопрос о «деколонизации» знания и необходимости создания «мировой философии», полифонической, открытой, уважительной к различным типам рациональности и в этом контексте труды и взгляды, мировоззренческая позиция арабских перипатетиков становятся как предметом пристального академического интереса, так и ресурсом для построения нового универсализма, основанного на уважении к разнообразию традиций мышления.

Идеи арабских мыслителей, последователей Аристотеля, живут и развиваются в ткани современного философского дискурса. Их идеи могут быть интерпретированы как потенциальные ответы на вызовы XXI века. Осмысление и переосмысление, рецепции в современном ключе являются актом философского возрождения, диалогом времён, в котором разум способен обрести единую форму.

#### Список использованной литературы

1. Солопова М.А. Александр Афродисийский.//Античная философия. Энциклопедический словарь. - М.: Наука. - 2008. - С. 83-89.
2. Аль-Фараби. Логические трактаты. - Алматы: Гылым. - 2005. - 166 с.
3. Mogewedge P. The metaphysica of Avicenna. - London, 1973.
4. Авиценна. Книга исцеления. - М.: Садр. - 2024. - 476 с.
5. Корбен А. История исламской философии. - М.: Прогресс. - 2010. - С. 87.
6. Gilson Etienne. La philosophie au Moyen Age, Des origines patristiques à la fin XIV siècle. Paris: Payot. - 2009. - 782 p.
7. Джибладзе Г. Системы Авиценны. Абу Али Ибн-Сина: экзотерический очерк/Г. Джибладзе. – Тбилиси: Мецниереба. - 2006. – 199 с.
8. Строссон П. Индивиду. Опыт дескриптивной метафизики/Пер. с англ. В.Н. Брюшинкина, В.А. Чалого, под ред. В.Н. Брюшинкина. – Калининград: Балтийский Дом. - 2009. — 330 с.
9. Патнэм Х. Философия сознания/Пер. с англ. Л.Б. Макеевой, О.А. Назаровой, А.Л. Никифорова. предисл. Л.Б. Макеевой. - М.: Дом интеллектуальной книги. - 2009. – 240 с.

ӘОЖ 373.25

## АУТИСТІК СПЕКТРЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ТҮЗЕТУ

**Ахмет А.Қ.,** Е академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан  
**Туганбекова К.М.,** академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Аннотация. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларда әлеуметтік құзыреттерді дамыту түзету педагогикасы мен психологиясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Агрессия, стереотиптер немесе әлеуметтік байланыстардан қашу сияқты проблемалық мінез-құлық баланың қоғамға кірігуін қиындатады. Қазіргі заманғы зерттеулер мінез-құлықтық, сенсорлық және коммуникативтік түзету әдістерін қамтитын кешенді тәсілдің маңыздылығын көрсетеді. Ерте араласу және жеке бағдарламалар әлеуметтендірудің тиімділігін айтарлықтай арттырады. Педагогтар мен неврологтар кіретін мультидисциплинарлық командалардың жұмысына ерекше назар аударылады. Ата-аналарды түзету процесіне тарту да маңызды рөл атқарады, өйткені отбасылық орта баланың даму динамикасына айтарлықтай әсер етеді. Мақалада аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудың негізгі стратегиялары және жағымсыз мінез-құлық түзету әдістері қаралады.

Кілт сөздер: аутистік спектрлі бұзылыс, әлеуметтік құзыреттілік, проблемалық мінез-құлық, түзету, ерте араласу, мультидисциплинарлық тәсіл, сенсорлық интеграция, коммуникативтік дағдылар.

Соңғы онжылдықтарда әлемдік және ұлттық деңгейде аутистік спектрлі бұзылыстар (АСБ) диагнозы қойылған балалардың саны тұрақты түрде артып келе жатқандығы байқалады. Бұл құбылыс ғылыми қауымдастықты ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін, ата-аналарды және қоғамды алаңдататын өзекті мәселе болып отыр. Балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі мен әлеуметтену процесінің қиындауы олардың дамуына теріс әсер етіп, оқшаулану тәуекелін күшейтеді. Сондықтан АСБ бар балалардың әлеуметтенуін қамтамасыз ету қазіргі дефектология мен арнайы психология саласындағы негізгі ғылыми-практикалық бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

С.В. Лещенконың зерттеулерінде көрсетілгендей, аутизмге шалдыққан көптеген балалар әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру барысында елеулі кедергілерге тап болады. Мұндай кедергілер олардың құрдастарымен өзара әрекеттесуін шектеп қана қоймай, оқшаулануға бейім етеді және проблемалық мінез-құлықтың күшеюіне алып келеді [1, 254 б.]. Демек, әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды мақсатты дамыту мен түзету шараларын дер кезінде қолдану – қоғамға табысты бейімделудің басты шарты болып табылады.

Қазіргі таңда АСБ бар балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін түзету мәселесінде бірыңғай әдістемелік тәсілдің болмауы да қосымша қиындық туғызуда. Бұл олардың жалпы білім беру ортасына кірігуін баяулатады және

педагогикалық қолдаудың тиімділігін төмендетеді. Осы тұрғыда Н.И. Хаванскаяның ғылыми еңбектерінде атап өтілгендей, баланың әлеуметтік бейімделуі тек кешенді тәсіл қолданылған жағдайда ғана нәтижелі болады. Яғни мінез-құлықты түзету әдістерін сенсорлық интеграция құралдарымен және эмоциялық интеллектіні дамытумен ұштастыру қажет [2, 93 б.]. Мұндай тәсіл әрбір балаға жеке бағдарланған стратегияны таңдауды, сонымен қатар педагогтар, психологтар мен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуді талап етеді.

Әлеуметтік құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік ортада тиімді әрекет ете алу қабілетін сипаттайтын күрделі және көпқырлы ұғым. Оның құрамына басқа адамдардың эмоцияларын түсіну мен оларға жауап беру, диалогты қолдау және бастамашыл болу, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормаларды сақтау, сонымен қатар күтпеген және өзгермелі жағдайларға бейімделу дағдылары кіреді. Мұндай құзыреттіліктің қалыптасуы балалардың табысты әлеуметтенуі мен тұлғалық дамуы үшін шешуші рөл атқарады. Дегенмен, аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларда бұл қабілеттер когнитивтік даму ерекшеліктері мен эмоциялық-еріктік саладағы қиындықтарға байланысты айтарлықтай күрделі жолмен дамиды [3, 67 б.].

А.Р. Велиев пен Т.В. Кузнецованың ғылыми зерттеулері көрсеткендей, аутизмі бар балаларда әлеуметтік өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі нақты мінез-құлықтық ерекшеліктер арқылы байқалады. Атап айтқанда, олар жиі көз байланысынан аулақ болады, айналасындағы адамдардың үндеуіне немесе әлеуметтік бастамаларына жауап бермеуі мүмкін, сондай-ақ вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым, мимика, қимыл-қозғалыс) түсінуде айқын қиындықтарға тап болады [4, 25 б.]. Бұл әлеуметтік өзара әрекеттестік сапасының төмендеуіне және қарым-қатынас дағдыларының шектелуіне әкеледі.

Аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларда жиі байқалатын проблемалық мінез-құлық түрлері де бар. Олардың қатарына басқаларға бағытталған агрессия, өзін-өзі жарақаттауға бейімділік, қайталанатын стереотипті қимылдар, ойлау икемділігінің шектелуі және кез келген өзгерістерге қарсы тұру жатады. Мұндай ерекшеліктер көбіне сенсорлық ақпаратты өңдеудегі бұзылыстармен, қоршаған ортаға бейімделу қиындықтарымен және өз қажеттіліктерін ауызша жеткізе алмаумен тікелей байланысты [5, 10 б.]. Сондықтан проблемалық мінез-құлықты түзету үшін оның сыртқы көріністерін ғана емес, сонымен бірге негізгі себептерін терең талдау қажет. Бұл жағдай педагогтар мен психологтардан әр балаға жеке бағытталған түзету стратегияларын әзірлеуді талап етеді.

Ерте жастағы диагностика мен түзету жұмыстары АСБ бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне тікелей ықпал етеді және олардың әлеуметтену болжамын едәуір жақсартады. Ғылыми тәжірибе көрсеткендей, ерте араласу бағдарламаларының ішінде тиімді әдістердің бірі – қолданбалы мінез-құлық талдауы (АВА-терапия). Бұл бағдарлама негізгі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, әлеуметтік өзара іс-қимылды жақсартуға және проблемалық мінез-құлық көріністерін азайтуға бағытталған [2, 94 б.]. Әсіресе түзету жұмыстары неғұрлым ертерек басталса, соғұрлым баланың әлеуметтік бейімделген әрекет үлгілерін меңгеру ықтималдығы жоғары болады. Мұндай тәжірибе АСБ бар балалардың әлеуметтенуінде уақтылы және кешенді қолдаудың шешуші маңызға ие екенін дәлелдейді.

Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың проблемалық мінез-құлықты түзетуде қолданылатын әдістердің ішінде ең тиімді және ғылыми тұрғыдан негізделген тәсілдердің бірі – қолданбалы мінез-құлықты талдау (Applied Behavior Analysis – АВА-терапия) болып саналады. Бұл әдістің басты қағидасы – қалаулы реакцияларды жүйелі түрде бекіту және қалаусыз мінез-құлықты біртіндеп әлсірету. Тәжірибеде бұл бала дұрыс әрекет жасағанда мадақтау немесе марапаттау арқылы оның жағымды мінез-құлықын күшейтуді, ал қажетсіз реакцияларға назар аудармау немесе оларды алмастыру арқылы бейімделген әрекет үлгілерін қалыптастыруды қамтиды. АВА-терапияның артықшылығы – оның құрылымдылығы, нәтижелілігі және әрбір балаға жеке бейімделу мүмкіндігі.

Сонымен қатар, соңғы жылдары сенсорлық интеграция әдістемесі де кеңінен қолданыс табуда. Ол баланың сыртқы ортадан түсетін сенсорлық ақпаратты (көру, есту, тактильді, вестибулярлық және т.б.) тиімді өңдеуіне ықпал етеді. Сенсорлық интеграция дұрыс ұйымдастырылған жағдайда баланың алаңдаушылық деңгейі төмендейді, өзін-өзі реттеу қабілеті дамиды және әлеуметтік ортаға бейімделуі жеңілдейді.

Әлеуметтік-коммуникативтік даму үшін арнайы визуалды қолдау әдістерінің маңызы зор. Олардың қатарына PECS жүйесі (Picture Exchange Communication System) – карточкалар арқылы коммуникация орнату, сондай-ақ әлеуметтік оқиғаларды бейнелейтін визуалды сценарийлер жатады. Мұндай қолдау құралдары баланың түсінуін жеңілдетіп қана қоймай, оның сөйлеу тілінің біртіндеп қалыптасуына жағдай жасайды.

Сөйлеу қабілеті айқын бұзылған аутизмі бар балалар үшін коммуникацияның баламалы және қосымша құралдары (КБҚ) шешуші рөл атқарады. Бұл құралдарға қимылдар мен ым-ишаралар, пиктограммалар, арнайы планшеттер немесе сөйлеу синтезаторы бар құрылғылар кіреді. КБҚ қолдану балаларға өз ойы мен қажеттілігін білдіруге мүмкіндік беріп, коммуникативтік әрекеттің бастапқы формасын қалыптастырады. Сонымен бірге уәждеуді күшейту әдістерін пайдалану арқылы ауызша сөйлеуді біртіндеп дамыту маңызды [5, 12 б.].

Ойын терапиясы да АСБ бар балалардың әлеуметтенуінде айрықша маңызға ие. Топтық сабақтарда ойын элементтерін қолдану балаларға құрдастарымен өзара әрекеттесудің алғашқы тәжірибесін береді, ынтымақтастыққа бейімдейді және әлеуметтік рөлдерді меңгеруге ықпал етеді.

Түзету процесінің ажырамас бөлігі ретінде ата-аналардың белсенді қатысуын атап өту қажет. Зерттеулер көрсеткендей, ата-аналардың терапияға жүйелі тартылуы сабақтардың тиімділігін едәуір арттырады, өйткені олар үй жағдайында баланың дағдыларын бекітіп, күнделікті өмірге енгізе алады. Осыған байланысты мамандар ата-аналарды мінез-құлық әдістерінің негізгі қағидаттарына үйретуді, қиын жағдайларда дұрыс әрекет ету стратегияларын түсіндіруді ұсынады. Сонымен бірге отбасына психологиялық қолдау көрсету де маңызды, себебі аутизмі бар баланы тәрбиелеу ата-аналардың эмоционалдық күйзелісін күшейтеді және тұрақты психологиялық ресурстарды қажет етеді.

Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың проблемалық мінез-құлықты тиімді түзету және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін пәнаралық өзара іс-қимылдың маңызы ерекше. Бұл процесс тек бір маманның күш-жігерін ғана емес, бірнеше бағыттағы кәсіби қолдауды қажет етеді. Неврологтар, дефектологтар, психологтар, логопедтер

мен педагогтар бірлесе жұмыс істей отырып, әрбір баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес келетін жеке бағдарламаны әзірлейді. Тұрақты консилиумдар мен командашілік талқылаулар баланың даму динамикасын уақтылы бақылауға, түзету жұмыстарының стратегиясын қажет болған жағдайда өзгертуге және нәтижелілікті арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай кешенді тәсіл дамудың когнитивтік, эмоциялық, сенсорлық және әлеуметтік салаларын бір уақытта қамтып, баланың үйлесімді қалыптасуына ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру бағдарламалары – АСБ бар балаларды әлеуметтендірудің маңызды тетіктерінің бірі. Мұндай бағдарламалар табиғи оқу ортасында әлеуметтік нормаларды біртіндеп меңгеруге мүмкіндік береді. Инклюзия жағдайында балалар құрдастарымен өзара әрекеттесіп, ортақ іс-әрекетке қатысу арқылы әлеуметтік тәжірибе жинақтайды. Бұл үшін мектептерде қолдау көрсететін арнайы атмосфера қалыптастыру қажет. Тьюторлардың жүйелі жұмысы, бейімделген оқу-әдістемелік материалдардың қолданылуы баланың алаңдаушылығын төмендетіп, үлгерімін арттыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, инклюзияның табысты жүзеге асуы тек педагогтарды даярлауды ғана емес, нейротипті балаларды да ерекше қажеттіліктері бар құрдастарымен өзара сыйластық қарым-қатынасқа бейімдеуді талап етеді [4, 25 б.].

Соңғы жылдары нейрокоррекция және биологиялық кері байланыс (biofeedback) технологиялары аутизмге шалдыққан балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Виртуалды шынайылық (VR) құралдары әлеуметтік сценарийлерді қауіпсіз жағдайда пысықтауға мүмкіндік беріп, балалардың қоршаған ортаға икемділігін арттырады. Сонымен бірге ғылыми әдебиеттерде диетотерапия мен ішек микробитасының психикалық және мінез-құлық ерекшеліктеріне ықпалына байланысты зерттеулердің маңызы артып отыр.

Осылайша, түзету мен дамыту әдістерін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың әлеуметтенуін қолдап қана қоймай, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға нақты мүмкіндік береді. Мұндай кешенді әрі ғылыми негізделген тәсіл қоғамда бейімделу деңгейін арттыруға, болашақта дербес және әлеуметтік белсенді тұлға қалыптастыруға септігін тигізеді.

Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың әлеуметтік құзыреттерін дамыту және олардың проблемалық мінез-құлқын түзету үдерісі тек бір бағыттағы емес, әртүрлі әдістерді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Мұндай тәсілдің құрамына мінез-құлықтық, сенсорлық және коммуникативтік стратегиялар енеді, олар өзара үйлесімде қолданылған жағдайда ғана тұрақты әрі айқын нәтижелер бере алады. Өсіресе ата-аналардың ерте жастан бастап белсенді араласуы мен түзету процесіне жүйелі қатысуы шешуші рөл атқарады. Бұл баланың әлеуметтенуіне қажетті дағдыларды қалыптастырып қана қоймай, түзету жұмыстарының тиімділігін арттырады.

Қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер көрсетіп отырғандай, мінез-құлықтық әдістерді сенсорлық интеграциямен және коммуникативтік қолдау құралдарымен үйлестіру аутисті бар балалардың өмір сапасын едәуір жақсартуға ықпал етеді. Мұндай стратегиялар олардың қоғамға табысты кірігуіне жағдай жасап, бейімделу мүмкіндігін кеңейтеді. Дегенмен, әрбір баладағы симптомдардың айқындылық дәрежесі мен дамудың жеке ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, дербес бағдарланған тәсілдің маңызы ерекше. Жеке бағдарлама әр баланың жеке әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп, оқыту мен түзетудің нәтижелілігін арттырады.

Сонымен қатар, аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларға арналған қолдау ортасын құруға қабілетті кәсіби мамандарды даярлау – маңызды міндеттердің бірі. Педагогтар, дефектологтар, логопедтер мен психологтар заманауи әдістемелерді меңгеріп қана қоймай, отбасымен және бала тәрбиесіне қатысатын әлеуметтік орта өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесуді ұйымдастыра білуі тиіс. Бұл бағыттағы дайындық кәсіби деңгейде инклюзивті білім берудің дамуына тікелей ықпал етеді.

Инновациялық технологиялардың енгізілуі де әлеуметтендіру процесін айтарлықтай кеңейтеді. Мәселен, виртуалды шынайылық құралдары балаларға әлеуметтік сценарийлерді қауіпсіз ортада тәжірибеден өткізуге мүмкіндік берсе, биологиялық кері байланыс әдістері өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды. Мұндай технологиялар дәстүрлі түзету бағдарламаларына қосымша қолдау ретінде тиімді қолданылады.

Аутистік спектрлі балаларды қолдау жүйесін жетілдіру үшін ғылыми ізденістерді үздіксіз жалғастыру қажет. Жаңа әдістерді әзірлеу, олардың тиімділігін салыстырмалы тұрғыда зерттеу және практикалық тәжірибеге енгізу – болашақтағы негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Қорытындылай келе, аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың әлеуметтенуі мен проблемалық мінез-құлқын түзету тек мамандардың ғана емес, ата-аналардың және тұтастай алғанда қоғамның да белсенді қатысуын талап етеді. Тек пәнаралық ынтымақтастық пен кешенді көзқарас жағдайында ғана балалардың әлеуметтенуінде және олардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыруда елеулі табыстарға қол жеткізу мүмкін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лешенко С. В. Аутизм у детей: причины, виды, признаки и рекомендации родителям // Молодой ученый. – 2018. – № 48. – С. 253-257.
2. Хаванская Н. И. Аутизм. Дети, которых нужно понять // Молодой ученый. – 2021. – № S11-1. – С. 92-95.
3. Аутизм и расстройства аутистического спектра: диагностика и коррекционная помощь / О. С. Никольская [и др.], ответственный редактор О. С. Никольская. — Москва : Издательство Юрайт, 2023. — 295 с;
4. Велиев А. Р., Кузнецова Т. В. Особенности Психических Состояний У Младших Школьников С Ранним Детским Аутизмом // Организация комплексного сопровождения детей с РАС: практический опыт, проблемное поле, перспективы развития. – 2021. – С. 23-26.
5. Булекбаева Ш.А., Байдарбекова А.К., Тлеулинова Р.Р., Абдрахманова У.Ш., Алтынбекова А.Ж. Реабилитация детей с расстройствами аутистического спектра: разносторонняя оценка проблем и триггерных факторов для работы мультидисциплинарной команды // Kazakh Journal of Physical Medicine & Rehabilitation. – 2019. – № 2. – С. 4-14.